

ТВ-Антенна DEXP Curve 30

Кіріспе

DEXP антеннасын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз! Осы антенна UHF және VHF-диапазондарында аналогты және цифрлық ТВ-сигналды қабылдауға қабілетті. Осы антенна белсенді болып табылады және ЦТВ-тіркеменің немесе теледидардың USB-портына қосу кезінде ең жоғарғы күшейту коэффициентіне ие. Ол қолданыста тиімді және қарапайым, алайда бұған қарамастан осы пайдаланушы нұсқаулығын оқу, сондай-ақ келешекте жүгіну үшін сақтап қою ұсынылады.

Құрылғының тағайындалуы

Осы құрылғы UHF және VHF-диапазондарында аналогты және цифрлық ТВ-сигналдарды қабылдауға арналған. Осы антенна активті болып табылады және теледидардың USB-портына қосу кезінде ең жоғарғы күшейту коэффициентіне ие.

Жиынтық

ТВ-антенна, USB-кабель, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны

Техникалық сипаттамалары:

- Модель: Curve 30.
- Жиілік диапазоны:
 - VHF: 87.5-230 МГц.
 - UHF: 470-862 МГц.
- Қолданылатын диапазондар:
 - VHF/UHF/FM.
 - Ең жоғарғы күшейту: 30 дБ.
 - Толқындық кедергісі: 75Ω .
 - Сигнал/Шу: ≤3 дБ .
 - Қуат көзі: USB-кабель бойынша (5 В/40 мА) немесе ЦТВ-ресиверден (5 В/40 мА).

Ерекшеліктері:

Күшейту коэффициенті жоғары және шу деңгейі төмен кіріктірілген күшейткіш. Цифрлық және аналогты сигналдың сапалы қабылдануы. Хабар тарату сигналдарының әртүрлі түрлерін қолдайтын цифрлық HD-теледидармен үйлесімдігі.

Сақтық шаралары

- Өнім құрғақ, желдетілетін үй-жайларда кемінде -20 °С температурада сақталу керек.
- Өрт немесе тоқ соғу қауіпінің алдын алу үшін, құрылғыға су түсуіне және құрылғының жоғары ылғалдылық жағдайында пайдаланылуына жол бермеңіз.
- Құрылғыны қосудан бұрын оның қуат көзі желісіне және басқа құрылғыларға сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының корпусына бөгде заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны құрғақ және желдетілетін жерге орналастырыңыз. Қыздыру құралдарының жанына қоймаңыз, күн сәулесі, механикалық вибрация, ылғал және тозаң әсеріне шалдықтырмаңыз.

- Ашық от көздері, мысалы жағылған шамның антеннамен жанасуына тыйым салынады.
- Суықта ұзақ уақыт болғаннан кейін қосудан бұрын құрылғыны бөлме температурасында 1 сағат бойына ұстау керек.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, сондай-ақ найзағайдың алдында электрлі қуат көзінің желісінен және телевизиялық антенна кабелінен ажыратыңыз. Найзағай кезінде құрылғыға және желілік бауға тиіспеңіз.
- Құрылғыны тазалау үшін бейтарап жуу құралдарының аздаған мөлшерін пайдалануға рұқсат етіледі.
- Құрылғыны тазалау үшін қажақты материалдарды немесе органикалық қосылыстарды (алкоголь, жанармай және т.б.) ешқашан пайдаланбаңыз.
- Құрылғының кез-келген ақаулығы анықталған кезде оны пайдалануды тоқтатыңыз және уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз. Цифрлық телевизия сигналдары DVB-T2 цифрлық стандартында беріліс болған жағдайда ғана қабылдануы мүмкін. Қосудан бұрын құрылғының қуат көзі ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Сигнал деңгейі жеткіліксіз болғанда, құрылғы кедергі аймағында, шекарада немесе телевизияның айқын сигналын тұрақты қабылдау аймағынан тыс болғанда, оның ішінде ландшафт, жергілікті жер және ондағы құрылыс ерекшеліктерінен туындаған, DVB-T2 цифрлық хабар тарату сигналының қанағаттандырмайтын сапасы тауардың ақауы болып табылмайды. Сигналды қабылдаудың жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін келесі шарттардың қадағалануын тексеріңіз:
 1. Кондиционерлер, лифттер, кептіргіштер, қысқа толқынды пештер, электр плиталары және т.б. сияқты тұтынушылық қуаты үлкен құрылғылардан алшақтығы жеткілікті.
 2. Құрылғыны таратушы антеннаның бағытында терезеге барынша жақынырақ орналасуы.
 3. Ең жоғарғы ықтимал орналасу биіктігі. Бұл көршілес құрылыс пен жергілікті ландшафтан туындайтын кедергілердің пайда болу ықтималдығын төмендетеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
2. Құрылғыны сақтау және тасымалдау тек құрғақ жағдайда жүргізілуі керек.
3. Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
4. Құрылғының кез-келген ақаулары анықталған кезде, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Орнату:

МАҢЫЗДЫ: Сигналдың аса сапалы қабылдануын қамтамасыз ету үшін:


1. Антеннаны кедергі көздерінен алыс ұстаңыз: бұл кондиционер, лифт, фен, СВЧ-пеш және т.б. сияқты энергияны көп тұтынатын құрылғылар болуы мүмкін.
2. Үй-жайларда пайдалану кезінде антеннаны терезеге барынша жақын орналастырыңыз.
3. Антеннаны ең жоғары биіктікте орнатыңыз: антенна мен телемұнара арасында кедергілер болған жағдайда уақытша сигнал жоғалуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: осы антенна тікелей ТВ-ге немесе цифрлық тюнерге қосылуы мүмкін, төменде екі қосу тәсілі сипатталған:

(1 сур.), ТВ

(2 сур.), Тюнер

1 сур.



2 сур.



ТВ-ден қуат көзі:

- Антеннаның коаксиальды кабелінің істікшесін ЦТВ-тіркемеге қосыңыз.
- ЦТВ-тіркемесін ТВ-ге қосыңыз (алдын ала антеннаға қуат көзін беру функциясының қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Антеннаны әр жаққа бұра отырып, қалыбын оңтайлыға дейін реттеңіз.
- Басқа құрылғылардан туындайтын кедергілерді азайту үшін антеннаны терезенің жанына орналастыру ұсынылады.

ЦТВ-тюнерден қуат көзі:

- Антеннаның коаксиальды кабелінің істікшесін ЦТВ-тіркемеге қосыңыз.
- ЦТВ-тіркемесін ТВ-ге қосыңыз (алдын ала ЦТВ-тіркеменің IEC немесе F коннекторы арқылы антеннаға қуат көзін беретініне көз жеткізіңіз).
- ЦТВ-тіркемесін қосып, құрылғының антеннаны айқындауын тексеріңіз. Егер айқындалмаса, тіркемені сөндіруге және келесі қадамды қайта орындауға тырысып көріңіз.
- Антеннаны әр жаққа бұра отырып, қалыбын оңтайлыға дейін реттеңіз.
- Басқа құрылғылардан туындайтын кедергілерді азайту үшін антеннаны терезенің жанына орналастыру ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: сигналды қабылдау сапасы антеннаның сипаттамасы мен оның қалыбына ғана емес, сондай-ақ ретранслятордан қаншалықты алыстатылған, ретрансляторды тарату қуаты, құрылыс тығыздығы және ландшафт қандай, қай қабатта тұрасыз және терезелер қай жаққа шығады, өнеркәсіптік және тұрмыстық кедергі деңгейі қандай болатынына тәуелді. Қабылдау антеннасы тарату станциясына жақын болған сайын, қабылдау сапалы болады.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс жағдайда істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына адрес бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Сигнал жоқ.

Сіздің өңіріңіздің аумағында DVB-T2 стандартында цифрлық ТВ хабар тарату жүргізілетініне және сигнал сенімді қабылданатын аймақта орналасқаныңызға көз жеткізіңіз.

Сурет қатып қалады, шашыраңқы / Сурет жоқ / Дыбыс жоғалады / Дыбысы жоқ:

1. Сигнал деңгейі әлсіз. Қабылданатын сигналдың жоғары деңгейін мен сапасын алу үшін антеннаның орнын ауыстырып немесе қайта бағдарлап көріңіз.
2. Қуат көзінің антеннаға берілуін тексеріңіз.
(жиынтықтағы қуат көзінің адаптерін пайдаланыңыз немесе DVB-T2 ресивер немесе ТВ с DVB-T2 тюнері бар ТВ-нің тиісті мәзір пунктіндегі антеннаға қуат көзі кернеуінің берілісін қосыңыз).

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Антоп Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Цяохуа өнеркәсіптік аймағы, Луотянь Линьчан, Сунган, Баоань, Шэньчжэнь, Гуандун пров., қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Өнімнің ерекшелігі мен ол туралы ақпарат пайдаланушыға хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерКейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:

www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.